

"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1246

Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғат кешені Бурабай таулы-орман алқабын сақтап қалу және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру орман кешені" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта аталсын.

Мекемеге табиғат қорғау мекемесі мәртебесі берілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Мекемеге Ақмола облысы Шортанды ауданының жер қорынан және жер пайдаланушыларының жер учаскелерінен жалпы көлемі 15271 гектар жер қосымша тұрақты пайдалануға берілсін.

3. Мекеменің жерлері - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына, ал осы аумақтардағы ормандар - "мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің ормандары" және "ғылыми маңызы бар ормандар" қорғау санаттарына жатқызылсын.

4. Ақмола облысының әкімі Мекеменің жерлерін ерекше қорғауды қамтамасыз ету үшін осы аймақ шегінде мемлекеттік табиғи қорық қоры объектілерінің сақталуына және қалпына келтірілуіне теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салумен бірге оның сыртқы шекарасы бойымен қорғау аймағын белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен жергілікті жерде Мекеме жерлерінің шекараларын белгілесін.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен бірлесіп Мекеменің аумақтарын ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану кезінде консультативтік және ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Бурабай таулы орман алқабын қорғауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1997 жылғы 27 ақпандағы N 3369 өкімін іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6

мамырдағы N 787 P970787_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж.,
N 18, 162 - құжат);

2) "Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық

басқармасының "Бурабай" табиғи-сауықтыру кешені" мемлекеттік мекемесінің
Жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4
шілдедегі N 1058

P971058_

қаулысы.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 12 тамыздағы
N 1246 қаулысына
қосымша

"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне
тұрақты пайдалануға берілетін жер учаскелерінің
тізбесі

Олардан жер учаскелері ! Учаскелердің көлемі, га
берілетін жер !-----
пайдаланушылардың атауы ! ! оның ішінде
және жер құрамы ! !-----
! ! ! оның ішінде ! !
! ! !-----! !
! Бар. ! ауыл !егіс.!жайы.!шабын.!орман.!басқа
! лығы !шаруа. !тік. !лым. !дықтар!ды ау.!
! !шылық !тер !дар ! !мақтар!
! !жерлері! ! ! ! !

1. "Бұқпа" орман және
жануарлар дүниесін қорғау
жөніндегі мемлекеттік

мекемесі	220			220	
2. Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты	6047	9	9	5736	302
3. Шортанды ауданының қордағы жерлері	9004	8157		8157	847
Барлығы:	15271	8166	9	8157	5956 1149

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.